

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ  
ОРМАН ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КОМИТЕТІ  
«Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат паркі



## Экскурсиялық маршруттың ПАСПОРТЫ

### № 1 экскурсиялық соқпақ

Басши с. – Айғай құм» табиғат ескерткіші - Шоқан  
Уәлиханов бұлағы - тораңғы тоғайы - «Ошақтас»  
қойтастары – Басши с.

«Бекітемін»  
 ҚР Ауыл шаруашылығы Министрлігі  
 Орман және аңшылық шаруашылығы  
 комитетінің төрағасы  
 Е. Нысанбаев  
 2010 ж.

### ТУРИСТІК МАРШРУТТЫҢ ПАСПОРТЫ

1. ЕҚТА атауы: «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат паркі
2. Маршруттың атауы: №1 экскурсиялық маршрут
3. Маршруттың жіктемесі:
  - 1) қозғалыс жасау түрі бойынша: жаяу жүріс, автомобиль;
  - 2) қолданыс уақыты бойынша: жыл бойы;
  - 3) ұйымдастыру нысаны бойынша: топтық және жеке;
4. Баспи с. Шыған, Мыңбұлақ, «Айғайқұм», Шоқан Уәлиханов бұлағы, тораңғы тоғайы, «Ошақтас» қойтастары  
 (негізгі географиялық пункттердің атауы)
5. Қашықтығы 83 км, аялдаманы ескере отырып, уақыт ұзақтығы 3 сағат 40 мин.
6. Маршруттың жұмыс істеу мерзімі: жыл бойы
7. Топтағы адамдардың ең көп саны; 10 – 16 адам күн сайын, аптасына 1-ден 5 топқа дейін.
8. Экскурсия маусымының ішіндегі әртүрлі кезеңдер бойынша жол берілетін рекреациялық жүктемелер Күніне 16 адам (айына 490 адам), жылына 5880 адам. Сәуір айында күніне 10 адам.
9. Маршрут арқылы экскурсия ұйымдастырушысыңыз жүріп өту мүмкіндігі: Топ тек парктің жолсілтеушісімен бірге жіберіледі. Маршрут жолкөрсеткіштермен және түрлі – түсті бильбордтармен жабдықталған. Туристер өздерімен бірге желден, күннен, шаңнан, жәндіктерден қорғайтын киімдер, яғни аяқ киім мен бас киім алып жүруі керек.
10. Маршрутта жүріп-тұрудың ерекше ережелері «Айғайқұм» табиғат ескерткішіне шығуға болмайды, соқпақтан шығып кетпеу, жануарлардың мазасын алмау. От жағуға, қоқыс тастауға, бұлақтарды ластауға тиым салынған.
11. Қауіпсіздік шаралары: маршруттың объектілерін карауға шыққанда туристер өздеріне қауіп тудыратын жағдайлардан сақ болу қажет. Мысалы: әртүрлі зиянды жәндіктер қарақұрт, жылан т.б.
12. Маршрутпен жүріп өту жоспары

р/с №	Маршрут учаскелері		Ұзақтығы, км	Қозғалыс уақыты	Аялдау уақыты	Тамашалау алаңының, суретке түсіру бекеттерінің №
	бастап	дейін				

1	Басши с.	Шыған	9 км	8 мин	2 мин	
2	Шыған	Мыңбұлақ	21 км	45 мин	8 мин	
3	Мыңбұлақ	«Айғайқұм»	12 км	20 мин	30 мин	№1
4	«Айғайқұм»	Ш.Уалиханов бұлағы	1 км	5 мин	15 мин	№2
5	Ш.Уалиханов бұлағы	Тораңғы тоғайы	1.3 км	5 мин	10 мин	№3
6	Тораңғы тоғайы	«Ошақтас» қойтастары	7 км	15 мин	15 мин	№4
7	«Ошақтас» қойтастары	Басши	32 км	50 мин		№5
Барлығы:			83 км	2 сағат 20 мин	1 сағат 20 мин	

**13. Соқпақ (маршрут) сызбасы: бар.**

**14. Шартты белгілер:**

соқпақтар (маршруттар)

паналайтын орындар

сақтық нұсқалар

медициналық жәрдем бекеттері

түнеу орындары

байланыс бекеттері (байланыс түрі көрсетілсін)

паналау орындары

**15. Соқпақтың (маршруттың) қысқаша сипаттамасы (сипаты).**

Алматыдан 245 км жерде Басши селосында «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің бас кеңсесі орналасқан. Селода 12 адамға арналған «Алтынемел» қонақ үйі, мұражай орналасқан. Басши селосынан 9 км жерде Шыған кордоны орналасқан, онда 10 адамға арналған «Шыған» қонақ үйі бар. Шыған кордонынан 21 км қашықтықта демалуға арналған отырғыштар мен шатыр

тігуге арналған орындары бар Мыңбұлақ кордоны орналасқан. Мыңбұлақтан 1 км жерде «Ошақтас» қойтастары, 2 км қашықтықта Шоқан Уәлиханов бұлағы, осы бұлақтың маңында Тораңғы тоғайлары орын алған. Шоқан бұлағынан ары 4 км жерде «Айғайқұм» табиғат ескерткіші орналасқан. Осы бағытта қайтадан кері қайтады.

## **16. Соқпақ (маршрут) бойындағы және тамашалау (шолу) алаңдарындағы қарап-көру объектілерінің қысқаша сипаттамасы.**

**1. Басши селосы.** 2500 адам қоныстанған, парктің бас кеңсесі орналасқан село. Селоның көрікті жерлері: 2002 жылы салынған мешіт, саяхатшыларға арналған 12 орынды «Алтынемел» қонақ үйі, парктің бас кеңсесінде мұражай орналасқан. Онда саяхатшылар табиғат ескерткіші Айғайқұмды, Ақтау мен Бесшатыр сақ қорғандарының макеттерін көреді.

**2. «Айғай құм» табиғат ескерткіші.** Көлемі 240 га болатын ландшафты табиғат ескерткіші Кіші және Үлкен Қалқан таулары арасында орналасқан. Ол екі үлкен құм төбеден тұрады: оңтүстігінде биіктігі 150 м, солтүстігінде биіктігі 100 м болатын құмтөбелер. Ал, теңіз деңгейінен биіктігі 600-650 м құрайды. Жазда құмтөбеге жан біткендей бірнеше шақырымнан ұшақтың гүліне ұқсас күшті үздіксіз дыбыс шығады. Егер жел күшейсе, төбенің қыры құм ұшқынынан түтіндегендей болады. Міне, көп жылдардан бері, географтар осындай тас жердегі құмды төбенің шығу тегі туралы жұмбақтың шешімін таба алмай келеді. Біреулері бұл құм Іле өзенінен келген десе, басқалары оны жел өтінің таңқаларлық құбылысы дейді. 150 м биіктігі бар құм төбенің ауа райының құрғақ күндерінде шығаратын дыбыстары, ғалымдар үшін әлі жұмбақ болуда. Дыбыс орган аспабында ойнайтын әуенге ұқсайды. Физиктер болса құм төбеден шыққан дыбысты қиыршық құмның желдің әсерінен бір-біріне үйкелісуінен және кристалдық электрленуден деп түсіндіруге тырысады. Профессор Мариковскийдің ойынша бұл үлкен құм төбенің астында тығыз дымқыл құм бар. Ол бұл құбылысты скрипкадағы дыбыстың оның ағаш қабырғасына барып соғылып күшеюімен салыстырады. Құмтөбе етегінен ұзын арқандарды көруге болады, ол сексеуіл мен жүзгіннің тамырлары. Сексеуіл бұталары арасынан қоян, түлкі және кесірткені кездестіруге болады.

**3. Шоқан Уәлиханов бұлағы.** Құм төбенің дәл етегінде Іле өзенінің оң жағалауында, Үлкен және Кіші Қалқан таулары арасында Айғайқұмнан 800 метр қашықтықта Шоқан Уәлиханов атымен аталған суы мөлдір таза бұлақ бар. Бұлақ айналасында тораңғы, сексеуіл, бөріқарақат және қамыс өскен. Дәл осы жерге, Ресейден Қашғарияға сапарында 1856 жылы Ш.Уәлиханов дем алуға аялдаған екен. Ол осы бір ғажап жазира туралы жазбаларында қалдырған, кейіннен ол жер Уәлихановтың атымен аталған. Халық арасында оны емдік қасиеті бар, көптеген ауруларға ем болатын киелі су дейді. Осы бұлақтың қасында жапырағы әртүрлі болып келетін табиғаттың бір тамаша көрінісі тораңғы тоғайлары өседі.

**4. «Ошақтас» қойтастары.** Мыңбұлақ кордонына жақын маңда «Ошақтас» нысаны орналасқан. Бұл жерде 1219 жылы Шыңғыс хан әскерлері аялдап, осы тастардың үстіне алып қазан қойып, тамақ пісірген тарихи жер. Бұл тастардың биіктігі 2 м, Шыңғыс ханның бұйрығы бойынша

қойылған деген аңыз бар. Басқа жағынан алып қарағанда – бұл тастар жау келгенде белгі беретін мұнара ретінде де аңыз ретінде айтылады.

**5. Мыңбұлақ.** Мыңбұлақ жазығында көптеген өсімдіктердің түрін кездестіруге болады. Мұнда сексеуіл, жыңғыл, жапырағы әртүрлі ағаш тораңғы өседі. Жануарлардан құлан, қарақұйрық, кесірткелер мен балықтардың бірнеше түрін кездестіруге болады. Саяхатшылар тамашалау үшін қолдан жасалған көлде балықтар өсіріледі. Сонымен қатар демалу орындары үшін табиғат аясында тапшандар жасалып, қойылған.

**17. Соқпақтың (маршруттың) күрделі учаскелерінің қысқаша сипаттамасы. жоқ.**

**18. Ықтимал стихиялық құбылыстар мен олар орын алған кезде топтың іс-қимылы.**  
Боран найзағай байқалған жағдайда төмен жерлерге шатыр қойып аялдау керек.

**19. Жолдамаға ақпараттық парақшаның мәтіні үшін ұсынымдар.**

Міндетті түрде күннен қорғайтын бас киім, күртеше, ауыстырып киетін аяқ киім, дәрі – дәрмек қорапшасын алу керек, бағыт бойында жолсілтеушінің бастауымен журу және оны тыңдау керек. Туристерге парк территориясында аңдардың терісі, мүйізі, қаңқалары кездескен жағдайда оны алып шығуға рұқсат берілмейді. Сонымен қатар объектілерден сувенир ретінде тастарды алуға тиым салынады. Тау шатқалдарында естелік ретінде сурет немесе «мұнда болған ...» деген сияқты жазбалар қалдырмауларыңызды сұраймыз. Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда әкімшілік белгілеген мөлшерде төлемақы алынады.

**20. Соқпақты (маршрутты) абаттандыру**

Таңбалау: маршрут жол бойы карта-сызба, аншлагтармен, жолнұсқаушы белгілермен жабдықталған. Соқпақтың (маршруттың) аялдау, паналау орындары, оны абаттандыру: барлық аялдау және паналау орындары автотұрақтармен, отырғыштармен, дәретханалармен, қоқыс жәшіктерімен абаттандырылған. Соқпақ түгелімен абаттандырылған.

**21. «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғылыми-техникалық кеңесінің «5» қараша 2009 жылғы №10 шешімі:**

«Паспорт бекітіліп Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне бекітуге және Алматы облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясына келісуге жіберілсін».



**Соқпақтың паспортын жасауға міндетті адамдар:**

Экологиялық ағарту және туризм бөлімінің бастығы - Мұқамеденқызы Г  
Туризм бөлімінің маман гид-аудармашысы – Ахметова Ш.К

22. Паспорт 2009 жылы 4 данада жасалды.

23. Өзгертулер енгізілді 200\_\_ж\_\_бетке.  
200\_\_ж\_\_бетке.

24. Паспорттың даналары жіберілді:

1. Алматы облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясына.
2. Балқаш Алакөл экологиялық департаменті
3. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне.



«Алтынмемел» МҰТП Бас директоры  
С.Құрманалиев  
\_\_\_\_\_ 2009 ж.

«Келісілді»



Алматы облыстық орман және аңшылық  
шаруашылығы аумақтық инспекциясы  
\_\_\_\_\_ Ж.Дүйсенбеков.  
\_\_\_\_\_ 12 \_\_\_\_\_ 2009 ж.

Балқаш Алакөл экологиялық  
департаментінің бастығы  
\_\_\_\_\_ К.А.Мәлібеков

«20» 01 \_\_\_\_\_ 2009 ж.